

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жанындағы «6D020200 – Халықаралық қатынастар», «6D020900 – Шығыстану (тарих ғылымдары)» мамандықтар тобы бойынша диссертациялық кеңес

Диссертациялық кеңес төрайымы – Байзақова Қ.Е.

1. Өткізілген отырыстар саны – 13.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (жоқ).

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Ормышева Толғанай Алтынбековна – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

2. Муратбекова Альбина Мирзаханова – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

3. Ақын Бағдаулет Қалиахметұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

4.1 *Ормышева Толғанай Алтынбековнаның* «Орталық Азия мемлекеттерінің экологиялық қауіпсіздігінің қатерлері: трансшекаралық өзендер мәселесі жайлы ұлттық және аймақтық тәсілдерарасындағы қарама-қайшылықтар» атты диссертациясы Орталық Азиядағы трансшекаралық өзендер мәселелерін шешу мәселелері бойынша ұлттық және өңірлік тәсілдемелер арасындағы қатынастарды мейлінше терең зерттеу болып табылады. Су сапасының жағдайы да күн тәртібінің негізгі мәселелерінің бірі болып қалуда, себебі мемлекеттердің экологиялық саясатына сәйкес су сапасына және оның ластануының дәрежесіне қатысты сараптама қарастырылған. Ал судың ластануын бақылау бойынша тиімді өңірлік саясатты жүзеге асыру үшін бірінші кезекте су ресурстарын ортақ басқару мәселелеріне тиісті назар аударып, оны шешу керек. Осылайша, жалпы су ресурстарының, атап айтсақ трансшекаралық су ресурстарының менеджменті туралы мәселе экономикамен қатар, саясат тұрғысында өзекті болып табылады. Мәселе өңірлік және өңіраралық деңгейлерде біріктіру мәселелеріне байланысты өзекті болады.

*Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы* Орталық Азияның трансшекаралық өзендерінің мәселесін ұлттық және өңірлік тәсілдемелер тұрғысында жүйелік және кешенді талдауда негізделді. Автор өңірдегі су мәселелерін реттеу механизмдерінің жоқтығының және тиімсіздігінің себептерін анықтады. Өңірдегі су ресурстары менеджментінің халықаралық тәжірибесін қолдану мүмкіндігі зерттелген.

*Зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалы маңыздылығы* материалдардың және қорытындылардың Орталық Азия елдерінің су-энергетикалық саясатының мәселелері бойынша кейінгі зерттеулерді дайындау кезінде қолданыла алатындығында негізделген. Диссертация материалдары су ресурстары саласында ұлттық және өңірлік стратегияны құру кезінде ҚР сыртқы-экономикалық құрылымдары үшін қызығушылық тудыруы мүмкін. Диссертация талдамалық орталықтар және ҒӨБ қызметкерлерімен, сонымен қатар жоғарғы оқу орындарында Орталық Азия өңіріндегі экологиялық қауіпсіздік мәселелерін және су-энергетикалық мәселелерді қамтитын жалпы және арнайы курстарды әзірлеу процесінде пайдаланылуы мүмкін. Диссертацияның негізгі қағидалары және қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда жарияланған 12 мақалада баяндалған, диссертациялық кеңестің ғылыми семинарында апробацияланған.

4.2 *Муратбекова Альбина Мирзахановнаның* «Қазіргі кездегі Қытайдың Үндістанмен шекаралас аудандарындағы әлеуметтік-экономикалық өзара ықпалдастығы: үлгілері мен мәселелері» атты диссертациясы қазіргі заманғы Қытай мен Үндістанның көпжақты, екіжақты және шекаралық қатынастарын зерттеуге арналған. Қытайды көршілес күш ретінде және Үндістанды алыс көршісі ретінде қарастыратын Орталық Азия мемлекеттері үшін Қытай-Үндістан қарым-қатынастары өте маңызды. Қытай мен Үндістан Орталық Азия мемлекеттерінің ірі сауда серіктестері болып табылады және аймақпен терең тарихи және мәдени тамырларға ие. Сондықтан, екі жақты деңгейде Қытай мен Үндістан

аймақтағы стратегиялық акторлар болғандықтан, Қытай-Үндістан өзара әрекеттесу моделін тереңдетіп зерттеудің қажеттілігі зор.

*Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы* Қытай мен Үндістанның өзара іс-қимылының барлық деңгейлерін талдау арқылы шекарадағы Қытай мен Үндістанның өзара әрекеттесуінің аналитикалық көрінісін әзірлеуге бағытталған. Тиісінше, Қытай мен Үндістанның өзара қатынастарын түрлі деңгейде кешенді талдай отырып, зерттеу бірнеше жаңа тәсілдерді әзірледі.

*Зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалы маңыздылығы* Іс жүзінде қытай-үнді қарым-қатынастарын түсіну маңыздылығын Қазақстандағы қытай және үнді мұнай компанияларының қатысуымен көрсетуге болады. Демек, зерттеудің нәтижелері Азия, Үнді мұхиты және Азия-Тынық мұхиты аймағы үшін аймақтық саясатты қалыптастыру кезінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, нәтижелер, әсіресе, көп жақты платформалармен консорциумдер бойынша келіссөздер барысында Қытай-Үндістан ынтымақтастығы туралы хабардар болуды арттыруға ықпал етеді. Қытай-Үндістан қарым-қатынастарының мәнін түсіну Пәкістан, Бутан, Мьянма және т.б. сияқты басқа елдермен қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Сонымен қатар, тарихи мұраны қазіргі заманғы өзгерістерге байланысты синтездеу арқылы, бұл зерттеу шешімдердің негізінде жатқан себептерді нақты түсінуді қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, зерттеу Қытай мен Үндістанның тарихы, Азияның геосаясаты және Азия елдерінің халықаралық қатынастары сияқты курстарды жүргізуде қолданыла алады. Диссертацияның негізгі қағидалары және қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда жарияланған 9 мақалада баяндалған, диссертациялық кеңестің ғылыми семинарында апробацияланған.

**4.3 Ақын Бақдаулет Қалиахметұлының** «Қазақстан Республикасының саяси дамуындағы Жапонияның жаңғыру тәжірибесі» атты докторлық диссертациясы дәстүрлі жапон қоғамын түсіну үшін Жапонияның либералды-модернизациялық даму ерекшеліктерін анықтау, Қазақстан мен Жапониядағы жаңғыру үдерісі мен басқару формаларын түсіну. Жапонияда жаңғырудың пайда болуы, қалыптасуы және дамуы негізінде оның саяси жүйесінің ерекшелігін жүйелі талдау, жаңғыру үдерісі барысындағы саяси тәжірибені Қазақстанда қолдану мүмкіндігін қарастыруға арналған. Бүгінгі күнгі Қазақстанның бастапқы кезеңіндегі демократиялық құрылыс мәселесі «демократияның» батыс моделін көшіріп алу құштарлығынан туындады. Бұл жағдай басқару жүйесі мен түрлі қоғамдық-саяси ұйымдар арасында қарама-қайшылықтарды туғызып, түрлі әлеуметтік-бюрократиялық құралдардың әлеуметтік-экономикалық салаға ықпалын күшейтті. Осы тұрғыда өте маңызды әлеуметтік-саяси, экономикалық және өзге мәселелерді шешу, сондай-ақ, елдің тұрақты даму басты бағыттарын анықтау маңызды. Көп этникалық мемлекет әлеуметтік-саяси демократиялық реформаларды тұжырымдау кезінде Қазақстанның ерекшелігін, халқымыздың менталитетін, мәдениетін, саяси дәстүрін ескеруі қажет. Нақ осы аспектілерді Қазақстан Республикасының саяси үдерісінде либералды-модернизациялық тәжірибесін жапондық моделін қолдану мүмкіндіктерін іздеу аса маңызды.

*Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы* Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми жаңашылдығы берілген тақырыптың жан-жақты әрі толық зерттелмеуімен байланысты болып отыр. Қазақстан мен Жапонияның жаңғыру мәселелері кешенді зерттеу барысында бірқатар ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілген. Атап айтқанда: алғаш рет жапон жаңғыру тәжірибесі шығыстану, тарих және саяси ғылымдар тұрғысынан сарапталып, оның Қазақстандағы демократиялық және неолибералды реформалар үшін әлеуеттік мәні нақтыланды; тұрақтандыру әлеуетін қамтамасыз ететін қос елдің басқару формаларын талдау барысында түрлі билік формалары анықталды. Осыған байланысты жапондық басқару моделінде Қазақстанның жаңғыруы үшін қажетті ерекше біріктіруші тетіктер мен ұстанымдар айқындалды.

*Зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалы маңыздылығы* Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы берілген тақырыптың



7. философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор (Таблица 1) ғылыми дәрежесін алу үшін қаралған диссертациялар туралы деректер

**Жекенов Д.К.**